

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

---

**ӨRLEU**

---

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЕСТ ЖИНАҒЫ

АСТАНА  
2025

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЕСТ ЖИНАҒЫ**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың білімін тексеруге және тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды қамтиды. Тапсырмалар төрт жауаптың бір дұрыс жауабы бар типте берілген.

Тапсырмалар Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің барлық негізгі бөлімдерін қамтиды. Тапсырмалардың шешімдерін өз бетінше тексеру үшін жинақтың соңында жауаптары берілген.

Жинақ өз бетінше жұмыс істеу үшін, сондай-ақ сабақтарда қолдануға қосымша ретінде пайдалану үшін ұсынылады.

### **ТАҚЫРЫПТАР:**

- Мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұны
- Мәтінге стилистикалық-композициялық талдау
- Көркем шығармаларды қызықты оқыту қадамдары
- Көркем шығармаларды бағалау және салыстыру

## ТЕСТ

### Мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұны

- Мәтін түрлері
- Тұтас және аралас, құрамдас мәтіндердегі ақпараттарды, көтерілген мәселені түсіну
- Мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау
- Мәтіндегі ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырату

#### 1. Мағына және формат жағынан әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі мәтіндер

- A) құрамдас мәтіндер
- B) аралас мәтіндер
- C) тұтас мәтіндер
- D) тұтас емес мәтіндер

#### 2. Сайт карталары, сызбалар, кіру билеттері жатқызылатын мәтін түрі

- A) тұтас емес мәтін
- B) құрамдас мәтін
- C) аралас мәтін
- D) тұтас мәтін

#### 3. Заңнамалық құжат, нұсқаулық жатқызылатын мәтін түрі

- A) тұтас мәтін
- B) аралас мәтін
- C) құрамдас мәтін
- D) жадағай мәтін

#### 4. Аралас мәтінге тән белгі

- A) Тұтас және тұтас емес мәтіндердің элементтерінен тұрады.
- B) Көркем шығармалар тіліне ғана бейімделуді қажет етеді.
- C) Түрлі дереккөздерден алынған ақпаратқа сілтеме жасайды.
- D) Әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз бірнеше абзацтан құралады.

#### 5. Мәтіннің негізгі ойы дегеніміз –

- A) автор айтқысы келген басты пікір.
- B) автордың өзекті тақырыпты қозғауы.
- C) мазмұнның түсінікті болуы.
- D) автордың жеке стилі.

#### 6. Мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні

- A) тақырып
- B) мазмұн
- C) оқиға
- D) пікір

#### 7. Жадағай мәтін түрлері

- A) аңыз, лиро-эпостық жыр
- B) ғылыми мақала, пікір
- C) фотосурет, жарнама
- D) мақала, хабарлама

8. Жазғы уақытта бала біткен далада ойнайды. Олар дүкеннен неше түрлі сусын, балмұздақ, тәттілер алып, ішіп-жейді де, көпшілігі босаған құты, орамаларын отырған жерлеріне тастай салады. Әрине, араларында тәртіптілері де бар. Жаңа ғана жерге тастаған қоқысын «Қоқыс жәшігіне апарып таста» десең, тындайтыны да, тындамайтыны да бар. Мұның бәрі үйдегі үлкендердің тәрбиесінен болады. Испен үлгі болу керек. Аптасына болмаса да, айына бір рет ауладағы қоқысты балаңызбен бірге жинап көріңізші, сол баланың ендігәрі қоқысын кез келген жерге тастай салуға дәті бармайды, достарынан да соны талап етеді. Соңғы рет ауладағы, көшеде жатқан қоқысты жерден алып, қоқыс жәшігіне қашан тастағаныңыз есіңізде ме? «Неге мен істеуім керек?» дейтін біз «Неге басқа біреу істеу керек?» деп ойланып көрдік пе? Бір-бірімізге сілтегеннен іс өнбейді, қала тазалығына осында тұратын әркім жауапты екенін ұмытпайық.

**Автордың мәтінді жазудағы мақсаты қандай?**

- A) ата-ана мен балалардың қарым-қатынасын көрсету
- B) қоқыс пен қалдықты жинаудың маңыздылығын айту
- C) тұрғылықты жердің тазалығына үлес қосуға шақыру
- D) қала тұрғындарына тазалық сақтау ережесін түсіндіру

**9. Мәтінге берілетін тапсырмалардың мазмұнына қатысты дұрыс тұжырымды анықтаңыз:**

**1. Оқытылатын пән мазмұнынан тыс ақпараттар да қамтылады.**

**2. Оқытылатын пәннің мазмұнына ғана қатысты болады.**

- A) тек бірінші
- B) тек екінші
- C) екеуі де бұрыс
- D) екеуі де дұрыс

**10. Көзқарасқа тән белгі**

- A) нақтылық
- B) объективтілік
- C) субъективтілік
- D) шынайылық

**11. Факт дегеніміз –**

- A) адамның қоршаған ортаға қатысты жеке пайымы.
- B) адамның сенімі мен сезімін білдіретін тұжырым.
- C) шындыққа жанасымды, тексерілмейтін ақпарат.
- D) дәлелге негізделетін, тексерілетін ақпарат.

**12. Пікір дегеніміз –**

- A) жеке қабылдауға негізделген пайымдау.
- B) мәлімдемені ғылыми тұрғыдан дәлелдеу.
- C) мәтін түрінде берілген объективті ақпарат.
- D) дәлелдеуді қажет етпейтін нақты ақпарат.

**13. 1-мәтін. Бүгінде көпшіліктің санасы ғаламторға шырмалған. Кез келген жерден компьютер мен ұялы телефонға телмірген жасты да, жасамысты да көреміз. Есесіне кітап оқу үрдісі кенжелеп қалды. Кітапханаларымыз бен кітап дүкендері жетім баланың күйін кешіп кетпесе игі еді. Сөрелердегі сықиған кітаптарға қызығушылық танытатын адамды ілуде бір кездестіресің. Кітапты ғаламтор алмастырған уақыттың келгені ме? Алайда кітаптың ғаламтордан құнды екенін іштей бағалайсың.**

**2-мәтін. – Қазір жастар кітап оқымайды деген мәселе жиі айтылады. Теледидар, газет, журнал – бәрінде айтады. Айтуын айтады, бірақ ешқандай шара қолданылмайды. Интернет келді, барлық дүниенің орынын басады дейді. Мен болсам, олай болмайтынына кәміл сенемін. Себебі санаға сіңіріп оқыған білім ғана тозбайды, өшпейді.**

**Екі мәтінде неге назар аударылады?**

- A) жаңа технологияның қарқынды өсуіне
- B) кітап пен гаджеттің мүмкіндіктеріне
- C) ғаламтордың кітапты біржола ығыстырғанына
- D) кітаптың заманауи құрылғыдан артық екеніне

**14. Мәтіннің жалпы мазмұнын меңгеруге байланысты орындалатын тапсырма**

- A) жоспар жасау
- B) диалог құрастыру
- C) мәтіннің атауын түсіндіру
- D) мәтіннің өрбуін әрі қарай болжау

**15. Білім алушылардың таным белсенділіктерін арттыруға бағытталған тапсырмалар**

- A) өзіндік көзқарасын білдіру, берілген ойды шынайы өмірмен байланыстыру
- B) ашық және жабық сұрақтар дайындау, тақырып бойынша сурет салу
- C) жоспар жасау, мәтін мазмұнын ашатын сұрақтар құрастыру
- D) мәтінді мәнерлеп оқу, тест тапсырмаларын құрастыру

### **Мәтінге стилистикалық-композициялық талдау**

- *Көлемді мәтіндердің композициялық құрылымы, стилі мен жанры*
- *Түрлі мәтіндерге (тұтас, аралас, құрамдас) тақырыптық-идеялық салыстырмалы талдау жасау*

**1. Мұздық – ұзақ уақыт бойына сақталатын, ұдайы қозғалыста болатын, негізінен жауын-шашын мен қар есебінен қалыптасатын ірі мөлшерлі кристалды мұз жинағы. Ол таулы өлкелерде, қарлы деңгейден жоғары аймақтарда қалыптасады.**

**Берілген мәтіннің стилі**

- A) ресми стиль
- B) ғылыми стиль
- C) көркем әдебиет стилі
- D) публицистикалық стил

**2. Ғылыми жанрда жазылатын мәтін түрлері**

- A) баяндама, мақала, монография
- B) жаңалық, интервью, жарнама
- C) әңгіме, естелік, роман-эпопея
- D) аңыз, хабарландыру, аннотация

**3. Аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін, оқиғаны қара сөзбен баяндайтын көлемі шағын шығарма жанры**

- A) әңгіме
- B) жарнама
- C) мақала
- D) хат

**4. Мәтінге рефлексия жасау дегеніміз –**

- A) мәтіннің мазмұнына, тілдік ерекшеліктеріне, авторлық ұстанымға баға беру

- B) мәтіннің мазмұнын, тақырыбын, идеясын, кейіпкерлерді, оқиғалардың дамуын түсіну
- C) мәтіннің композициялық құрылымын, тілдік ерекшеліктерін, жанрлық сипатын анықтау
- D) мәтіннің стильдік

**5. Жеке пайдаланым үшін оқу санатына жататын мәтін түрлері**

- A) зияткерлік қызығушылыққа қатысты мәтіндер, жеке адам туралы зерттеулер
- B) белгілі бір ережеге негізделген, арнайы оқытуға арналған оқулық мәтіндері
- C) қоғамның жалпы мәселелері мен қызметке, іс-шараларға қатысты мәтіндер
- D) белгілі бір жұмыс орнына, мамандыққа қатысты мәтіндер, нұсқаулықтар

**6. Мәтін типтері ... түрге бөлінеді.**

- A) 3
- B) 4
- C) 5
- D) 6

**7. Мәтіннің тура мағынасымен сәйкес келе бермейтін тұспалды ой**

- A) подтекст
- B) контекст
- C) интертекстуалдылық
- D) ойтолғау

**8. Барлық мәтіннің үндестігін анықтайтын мағыналық жағынан тұтас, аяқталған ой, шығарманың нақты мазмұны**

- A) контекст
- B) подтекст
- C) интертекстуалдылық
- D) ойтолғау

**9. Мәтінге тақырыптық-идеялық жағынан талдау жасауда қарастырылатын мәселелер**

- A) мәтін тақырыбы мен мазмұны арасындағы байланысты анықтау, мәтіннің идеясын, көтерілген негізгі мәселені айқындай отырып талдау
- B) мәтін тақырыбы мен мәтін мазмұны арасындағы байланысты табу, жанрлық сипатын құрылымы мен тілі арқылы талдау
- C) мәтіннің ауызша және жазбаша формаларын ажырату, мәтіннің құрылымын тілдік бірліктер арқылы талдау
- D) мәтіннің қарым-қатынас аясы мен мәтіндегі негізгі мәселені анықтау, мазмұнымен байланыстыру

**10. Аргументтерге негізделетін мәтін түрі**

- A) пайымдау
- B) түсіндіру
- C) дәлелдеу
- D) нұсқа

**11. Шығарма авторының ұстанымы мен оқырман интерпретациясының арақатынасы қарастырылатын мәтінмен жұмыс кезеңі**

- A) 1-кезең
- B) 2-кезең
- C) 3-кезең
- D) 2-кезең мен 3-кезе

**12. Антиципация әдісі қолданылатын мәтінмен жұмыс кезеңі**

- A) мәтінді қайта оқып шығу
- B) оқу кезінде мәтінмен жұмыс
- C) оқуға дейінгі мәтінмен жұмыс
- D) мәтіннің фрагменттеріне жүгіну

**13. Мәтінмен жұмыстың 2-кезеңінде қолданылатын әдіс**

- A) мәтінді бастапқы оқу
- B) қосымша дереккөздерді қарау
- C) мәтін бойынша тұжырымдамалық әңгімелеу
- D) мәтіннің тақырыптық бағыттылығын анықтау

**14. Оқушының мәтіннен қажетті ақпаратты табуы дегеніміз –**

- A) ақпаратты іріктеуі және жинауы.
- B) мәтіннен автор идеясын анықтауы.
- C) білімге, идеяға, мәтіннің мазмұнына сүйенуі.
- D) жеке көзқарасын білдіруі және болжам жасауы.

**15. Жұмыс пен мамандыққа қатысты мәтіндерді, жұмыс орындарына байланысты ережелерді оқу түрі**

- A) білім алу үшін оқу
- B) жеке пайдаланым үшін оқу
- C) кәсіби пайдаланым үшін оқу
- D) қоғамдық пайдаланым үшін оқ

**Көркем шығармаларды қызықты оқыту қадамдары**

- *Көркем шығармаларды оқыту стратегиялары: экстенсивті және интензивті оқу*
- *Көркем шығарманың әдеби тектері (жанр), оның түрлері*
- *Шығармадағы (проза, поэзия) көркем бейне*
- *Көркем шығармалардағы көріктеуіш құралдар*

**1. Көркем мәтінді оқу түрлері**

- A) рөлге бөліп оқу, зерттеп оқу, комментарий жасап оқу, белгі қойып оқу, іріктеп оқу
- B) ынталандыру, баға беру, мәтінге ат қою, эссе жазу, дәлел келтіру, рөлге бөліп оқу
- C) сын тұрғысынан ойлау, дискуссияға қатысу, мәтін жанрларын ажырату, экстенсивті оқылым, мәтінге ат қою
- D) белгі қойып оқу, сұрақтар қою, ребус шешу, интензивті оқылым, топқа бөлініп оқу, рөл сомдау

**2. Көркем мәтінді талдау кезінде белгілі бір мақсатпен қойылған сұрақтарға жауап іздеп, тіл көркемдігін дәлелдеу, портрет, пейзаж, образды табуға негізделген оқу түрі**

- A) таңдап оқу
- B) іштей оқу
- C) рөлге бөліп оқу
- D) мәнерлеп оқу

**3. Қазіргі әдістемеді көркем шығармаға талдау жасаудың ... түрі қарастырылады.**

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5

**4. Лиро-эпостық туынды**

- A) «Қыз Жібек» жыры
- B) «Қобыланды батыр» жыры
- C) «Күлтегін» жыры
- D) «Еңлік-Кебек» дастаны

**5. Шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ой мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма түрі**

- A) лирика
- B) драма
- C) повесть
- D) трагедия

**6. Өмір шындығын мол қамтып, кең суреттейтін күрделі жанр**

- A) эпос
- B) трагедия
- C) лирика
- D) драма

**7. Көбінесе философиялық мазмұнға негізделетін төрт тармақты лирикалық өлең**

- A) ода
- B) рубай
- C) ғазел
- D) эпитафия

**8. Көркем бейнеге тән сипаттама**

- A) кейіпкердің іс-әрекеті, мінезі, табиғаты
- B) автордың суреттеуі, стилі, айтпақ ойы
- C) кейіпкерлердің диалогі, автордың баяндауы
- D) оқиғаның басталуы, байланысы, шешімі

**9. Кейіпкерлерді көркемдік әдіс тұрғысынан жасау**

- A) романтикалық, реалистік образ
- B) эпикалық, сатиралық образ
- C) юморлық, психологиялық образ
- D) лирикалық, трагедиялық образ

**10. Еңліктің бейнесін жасауда қолданылған тәсіл**

**Көп жігіт жүр сыртымнан қылып кеңес,**

**Мен ұнасам, «алмаймын сені» демес.**

**Солардың біреуімен кетер едім,**

**Байқаймын, бәрі менің теңім емес**

- A) жанама мінездеу
- B) тура мінездеу
- C) портрет
- D) арнау

**11. Мөлдіреген «Жетімкөл» көкке қарап,**

**Мөлдіреген көз жасын тыя алмай тұр.**

**Үзіндіде қолданылған құбылту түрі**

- A) кейіптеу

- B) символ
- C) эпитет
- D) метафора

**12. Синекдохаға тән ерекшелік**

- A) бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны қолдану
- B) жан-жануарларға адамдардың мінез-құлқының сипаттарын беру
- C) табиғат құбылыстарын жандандырып, адам кейпінде суреттеу
- D) кереғар екі затты қатар қою, келесі бір заттың сипатын суреттеу

**13. Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата суреттейтін көркемдегіш құрал**

- A) градация
- B) гротеск
- C) символ
- D) эллипсис

**14. Метафора қолданылған нұсқа**

- A) Сөз – жаңбыр, даусым – дауыл, әнім – ескек.
- B) Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек.
- C) Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым, Онан да шықты жаңғырық.
- D) Түлкі – қулық, қасқыр – қастық, қоян – қорқақ, есек – ақымақтық.

**15. Қайтсін қолы тимепті,**

**Өлеңші, әнші асыл ер.**

**Ала жаздай ән салсаң,**

**Селкілде де, билей бер.**

**(Абай Құнанбаев)**

**Осы шумақта қолданылған көркемдегіш құрал**

- A) ирония
- B) синекдоха
- C) гипербола
- D) сарказм

**Көркем шығармаларды бағалау және салыстыру**

- Әдеби туындылардың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру және салыстыру
- Әдеби сын жанрларын (сын мақала, сын пікір) жазу әдістемесі

**1. Әдеби туындылардың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру және салыстыруда қалыптасатын дағдылар**

- A) оқу арқылы қажетті ақпаратты табу, түсіну, белгілеп алу
- B) оқушылардың пікір алмасуы, мәнерлеп оқу, түсіну
- C) талдау тапсырмаларын орындау
- D) ашық сұрақтарды жиі ұсыну

**2. Әдеби туындының мазмұны ретінде қарастырылмайтын нұсқа**

- A) тікелей мазмұн
- B) жанама мазмұн
- C) объективті мазмұн
- D) субъективті мазмұн

**3. Психологизмге тән ерекшелік**

- A) кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеу тәсілі
- B) кейіпкердің портретін бейнелеу тәсілі
- C) кейіпкердің тұрмысын бейнелеу тәсілі
- D) кейіпкер әрекетіне толық баға беру тәсілі

**4. Әдебиет пен өнердің дамуы барысында сабақтастық пен жаңғыртудың, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым**

- A) дәстүр мен жаңашылдық
- B) тартыс пен қарама-қайшылық
- C) ескі көзқарас пен заманауи пікір
- D) дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы

**5. Жазушының жазып отырған дүниеге эмоционалды баға беруі**

- A) пафос
- B) сюжет
- C) рефлексия
- D) психологизм

**6. Шығармадағы мазмұн мен мағына, ой-сезім байлығы, олардың түрлі суреттеулер арқылы жеткізілуі**

- A) көркемдік құндылық
- B) тарихи шындық
- C) тарихи құндылық
- D) сюжеттегі пейзаж

**7. Әдебиеттің қалыптасқан тектері**

- A) эпос, лирика, драма
- B) психологизм, сюжет
- C) әңгіме, повесть, роман
- D) сюжет, драма

**8. Әдеби туындының объективті мазмұны**

- A) автор барынша шынайы суреттейтін тарихи шындық
- B) әдеби туындының мазмұны және жанрлық ерекшелігі
- C) әдеби шығарманың деталі және автордың баяндау тәсілі
- D) шығарманың кейіпкерлер жүйесі мен автордың айтпақ ойы

**9. Әдеби туындының тікелей мазмұны**

- A) шығармадағы адам өмірінен алынған шынайы мәліметтер
- B) әдеби туындыдағы кейіпкерлер жүйесінің жасалу жолы
- C) автор барынша шынайы суреттейтін тарихи шындық
- D) әдеби туындының мазмұны және тілдік ерекшелігі

**10. Әдеби туындыда зат, түс, сөз, құс, жәндік, жануар сипатында өрбитін ұғым**

- A) деталь
- B) тематика
- C) композиция
- D) сюжеттік желі

**11. Әдебиеттегі сынның басты мақсаты**

- A) көркем шығарманы талдау және баға беру
- B) көркем шығарма авторының негізгі ойын анықтау

- C) көркем шығармада көтерілетін басты мәселені зерделеу
- D) көркем шығарманы заманға сай дамыту және өзгеріс енгізу

**12. Көркем бейнеленген әлеуметтік, эстетикалық проблемаларды, шығарманың идеялық-көркемдік жағын қарастыратын әдеби сын жанры**

- A) сыни мақала
- B) сыни шолу
- C) аннотация
- D) рецензия

**13. Әдеби шығарманы сыни тұрғыдан қарастырып, пікір білдіретін әдеби сын жанры**

- A) сыни мақала
- B) сыни шолу
- C) аннотация
- D) рецензия

**14. Сыни мақала жазудың бастапқы кезеңінде назарға алынатын мәселе**

- A) Шығарма оқырманды неге тәрбиелейді?
- B) Автор осы шығарма арқылы не айтқысы келеді?
- C) Автор нені дәлелдегісі келеді, нені жоққа шығарғысы келеді?
- D) Шығарма қалай әсер етті? Ерекше әсер еткен тұстары қандай?

**15. Сыни пікірге тән ерекшелік**

- A) Тек әдеби шығармаларды сыни тұрғыдан бағалайды.
- B) Бұқаралық ақпарат құралдарында ғана қолданылады.
- C) Күнделікті қолданыста нақты құрылымға сай қарастырылады.
- D) Күнделікті өмірде ауызша және жазбаша формада көрініс табады.

## ЖАУАБЫ

Бөлім/ Тапсырма №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Мәтіннің тақырыптық- идеялық мазмұны	A	A	A	A	A	A	C	C	A	C	D	A	D	A	A
Мәтінге стистикалық- композициялық талдау	B	A	A	A	A	D	A	A	A	C	C	C	A	A	C
Көркем шығармаларды қызықты оқыту қадамдары	A	A	C	A	A	A	B	A	A	A	A	A	A	A	A
Көркем шығармаларды бағалау және салыстыру	A	B	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	D	C	D